Халық сенімін нығайту міндет
2-бет

«Үлкен Балқаш ісі»
6-бет

Керекуден жеткен сүйінші
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **3 ҚАЗАН**, 2024 ЖЫЛ **№111 (23 433)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

«Даму» қорының қомақты қолдауы

Кәсіпкерліктің кедергісіз дамуы үшін мемлекет тарапынан қолдау керек. Мұндайда әсіресе, «Даму» қорының демеуі зор. Мәселен, биылдың өзінде 790 жобаның несиесін субсидиялау туралы келісім жасады. Жалпы несие құны 31 млрд теңгені еңсерді. Енді одан шарапат сезінген кәсіпорын технологиялық базасын жаңғыртады, өндірістік қуатын еселейді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлікті ынталандыру ел экономикасы дамуына ықпал етеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің нәтижесінде отандық тауарлар мен қызметтер өндірісі дамып, халық жұмыспен қамтыла бастады. «Даму» қорының негізгі көздегені – осы», – дейді қордың аймақтағы филиалының директоры Әсет Тілемісов.

– «Даму» қоры еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдеріне қолдау көрсетеді. Оның игілігі мол. Мәселен, бір ғана өңіріміздің өзінде 2010 жылдан былтырға дейін мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлер 11,3 мың жаңа жұмыс орнын ашты. Олар бюджетке салық түрінде 552 млрд теңге төледі.

5-бет

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Qarmet трамвайды қайтарды

Металлургтер шаһарының көшесімен жаңа әрі әдемі қылып безендірілген трамвай жүріп өтті. Бұл – Теміртау қаласының туған күніне тосынсый болды. Су жаңа трамвайдың сынақ режимінде іске қосылғанын атап өту керек.

Дерекке сүйенсек, алдағы уақыттағы бірнеше жол және электр инфрақұрылымы сынақтан өткізіледі. Жыл соңына дейін тұрақты қозғалыс жүйелі болады деп жоспарланып отыр.

Теміртау қаласында трамвайлар 2023 жылдың ақпан айында жүруін тоқтатқан. Экологиялық зиянсыз көліктің жұмысын қалпына келтіру металлургия комбинатының жаңа иесі – Qarmet компаниясының әлеуметтік бастамаларының біріне айналды.

Биыл көктемде теміржол желісін ауыстыру басталған-тын. Бүгінде 15,3 шақырымға жаңа рельстер төселді. Жұмыс алдағы уақытта да жалғасады.

Нақтырақ айтсақ, қала бойынша 8 жаңа заманауи вагон жүре бастайды. Олардың әрқайсына жеке дизайн арқылы металлургтер қаласының тыныс-тіршілігінен хабар беретін бейнелер жапсырылған. Суреттердің ортақ тақырыбы – цех және комбинат өндірісі. Вагондардың бірі Теміртау қаласына арналмақ.

Трамвайлардың сыртымен қатар, іші де жайлы. Көлікке кондиционер, қауіпсіздік және жылыту жүйесі, LED-жарықтандыру сынды жабдықтар орнатылған.

Сонымен қатар, төмен еден және жиналмалы пандустар ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларға ыңғайлы.

Qarmet компаниясы Теміртау жоғары политехникалық колледжімен бірлесіп, трамвай жүргізушілерін оқыту бағдарламасына қабылдап, жұмысқа орналасуға кепілдік беретіні туралы мәлімдеді. 12 адамнан тұратын алғашқы топ қазан айында компания қаражаты есебінен ашылмақ.

Өз тілшіміздің

Сурет ашық дерекқоздан

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жастар жұмыссыз қалмайды

Кезекті бос орындар жәрмеңкесі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде ұйымдастырылды. Оның мақсаты – жұмыс беруші мен жастардың тікелей байланысы арқылы жұмысқа орналасуды жеңілдету. Жәрмеңке барысында 300-ден астам студентке 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында кеңес берілді.

– Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін Қарағанды зерттеу университетімен бірлесіп ұйымдастырдық. Студенттер көбінесе еңбек нарығындағы ұсыныстарды, сондай-ақ, кәсіби тәжірибе мүмкіндіктері туралы білгісі келеді. Осы шарада «Silk Road Electronics» ЖШС, «KAMA TYRES» ЖШС секілді жұмыс берушілерімен кездесу ұйымдастырылып, 26 студент үшін мамандықтары бойынша өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі берілді, – деді Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығының директоры Нұржан Сыздықов.

Жәрмеңке қатысушыларына «Jumys Tap» жобасы, қысқамерзімді кәсіптік оқу бойынша кеңес берілді. Сондай-ақ, тұрақты және уақытша жұмыс орындары, оның ішінде, «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары туралы да кеңінен айтылды.

Бос орындар жәрмеңкесіне «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» АҚ филиалдары, «Қазпошта» АҚ, «Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» ҚТЖ ҰК АҚ ұжымдары қатысты.

– Біздің жастардың қазір қаржылық сауаттылығы жоғары. Көбісі қосымша жұмыс істейді және жинақ жүргізуге тырысады. Студенттер бізге практикаға келеді, ал кейбіреулері оқуын бітіргенге дейін жұмысқа орналасады, – дейді БЖЗҚ филиалының өкілі Ақмарал Түсіпбекова.

Жәрмеңкеге 42 жұмыс беруші қатысып, 800-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды.

– Біраз уақыттан бері жұмыс іздеп жүр едім. Осы шараны ұйымдастырғаны жақсы болды. Біраз жұмыс берушілерден мол мәлімет алдым. Енді сол ұсыныстарды екшеп, біреуін таңдаймын, – дейді қала тұрғыны Мәлика Абдуллаева.

Өз тілшіміздің

Жарты ғасырдан кейінгі жаңару

Қуатты өңір

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Энергетика жүйесінің қазіргі күнгі ахуалы алаңдатып отырғаны жасырын емес. Су, жылу, кәріз жүйесі бір өңірде ғана емес, бүтін ел бойынша тозығы жетіп, «шаршап» тұр. Жаңғырту әрі жөндеу жұмыстары үздіксіз жыл сайын жүргізіліп жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда, жарты ғасырдан астам уақыт жөндеу көрмеген жүйені бірден жаңалап тастау да мүмкін емес. Алты ай қысы бар Арқада жөндеу жұмыстары қар кетісімен басталып, қар түскенге дейін толассыз жалғасады. Десек те, қысқа маусым қиындықтарды толығымен еңсеріп тастауға да күрмеу екені рас. Дәл бүгінгі күні Қарағандыда су құбыры – 61%-ға, кәріз жүйесі – 84%-ға тозғаны ешкімге құпия емес. Соның ішінде, кәріз құбыр желілерінің елу жылдан бері жөндеу көрмеген тұстары да бар. Ал, биыл ширек ғасырдан бері жөндеу көрмеген ұзындығы 25 шақырым болатын су құбыры мен кәріз жүйесі жаңартылуда.

4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 532.25 ●**USD/KZT** 480.11 ●**RUB/KZT** 5.14 ●**CNY/KZT** 68.42 Қазақстан Ұлттық Банкінің 2 қазан, 2024 жылғы дерегі бойынша

● ТРЕНИНГ

Халық сенімін нығайту міндет

Қарағанды облысында еліміздің бес өңірінен келген мәслихат депутаттарына арналған ауқымды оқыту тренингі өтті. Шараны Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институты, Парламентаризмді дамыту қоры, Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі және ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесі, сондай-ақ, Қарағанды облысы мәслихаты бірлесе ұйымдастырды. Тренинг Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын қозғайтын бірқатар өзекті тақырыптарды қамтыды.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарының депутаттары қатысты.

Саяси жүйені қайта іске қосу облыстық мәслихаттарды партиялық тізімдер бойынша және бір мандатты округтер бойынша тепе-тең негізде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде жаңа тәуелсіз кандидаттардың пайда болуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, заңнамамыз да айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Бұл – қазіргі, үнемі өзгеріп отыратын әлемнің шындығы. Біз жаңалықтарға дайын және ашық болуымыз керек. Мәслихаттардың көпшілігінде құрамы жаңарып, көптеген халық қалаулылары алғаш рет депутаттық қызметке кіріскендіктен, бұл тренинг – өте өзекті. Бұл тұрғындар проблемасын шешудегі өкілді және атқарушы билік органдарының ықпалдастығының жарқын көрінісі болады деген ойдамын, – деді облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов.

Ал, Парламентаризм институты директорының орынбасары Ләззат Сүлеймен өз сөзінде заңнаманы жетілдіру бағытында жүйелі түрде жұмыс істеудің халықтың өмір сапасын арттырудағы басты шарттардың бірі деді. Сондай-ақ, ол Қазақстан Президентінің Жолдауында айтылған негізгі басымдықтарды еске салып, қоғамдық бақылауды күшейту, адам саудасымен күрес, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың қарыз жүктемесін азайту бойынша қабылданған шараларға маңызына тоқталды.

Тренинг Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Баталова, ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің өкілі Әсел Қаратаева және Сенат депутаты Серік Өтешов сөз алып, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әлеуетін арттыру мақсатында осындай тренингтердің жүйелі түрде өтуінің мәнін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Өтешов мұндай тренингтер өткізу еліміздің барлық өңірлері үшін тұрақты тәжірибеге айналғанын жеткізді. Алғашқысы 18 қыркүйекте Семейде өткен. Онда мәслихаттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, бюджетті бекіту және жергілікті бағдарламалардың орындалуын бақылау кезінде ашықтықты арттырудағы рөлі, азаматтардың өтініштерін өңдеу үшін бірыңғай жүйе құру, халықты белсенді ағартуға қатысу сияқты қоғамдық мәселелер қаралған.

Парламентаризмді дамыту қорының президенті Зәуреш Баталова мәслихаттардың қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету туралы баяндама жасап, жергілікті органдардың заңнамалық базаға негізделген жұмыс істеуінің маңызын түсіндірді.

Парламентаризм институтының сарапшысы Меруерт Қабылбаева болса, депутаттардың Парламентпен тығыз байланысын күшейту қажеттігін, мәслихаттардың жергілікті мәселелерді шешудегі рөлін жеткізді.

– Азаматтар ең алдымен, мәслихат депутаттарына жүгінеді және сіздер арқылы олардың билік органдарымен алғашқы байланысы жүзеге асады. Сенатпен бірлескен жұмыс заңдардың орындалуын қадағалауға және туындайтын проблемаларды жедел шешуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Сарапшы, сондай-ақ, азаматтардың өтініштерін қабылдау және өңдеудің бірыңғай жүйесін құру туралы, бұл жүйе арқылы тұрғындардың қажеттіліктерін анықтауға және соларға сай шаралар қабылдауға болатынын айтты.

Парламентаризм институтының сарапшысы Жәнібек Сатыбаев баяндамасында жер ресурстарын басқару мәселелерін жан-жақты талдады. Ол, әсіресе, ауылдық елдімекендердегі жайылымдық жерлердің тапшылығы, бір жер учаскесіне бірнеше құқықтың қабаттасуынан туындайтын проблемалар, сондай-ақ, су айдындары маңындағы жерлерді пайдалануда қатаң бақылау қажеттілігіне назар аударды. Сарапшының айтуынша, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылық жерлерін қайта бөлу және жер ресурстарын тиімді басқару үшін мәслихат депутаттары мен атқарушы органдардың өзара іс-қимылы қажет.

Тренинг барысында экология мәселесі де назардан тыс қалмады. Сарапшы Кирилл Осин өңірлердегі экологиялық жағдайға тоқталып, экологиялық апаттардың алдын алу және табиғат қорғау шараларын күшейту қажеттігіне тоқталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселесін сарапшы Алмагүл Хасенова көтеріп, жергілікті бюджеттер мен бағдарламаларды бақылауда ұстаудың маңыздылығын жиналғандардың назарына ұсынды. Ол Transparency International ұйымының мәліметтерін келтіре отырып, Қазақстанның сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде 97-орынға ие болғанын мәлімдеді.

«Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Мереке Ғабдуәлиев өз сөзінде депутаттардың сайлаушылармен тиімді коммуникация орнату өзектілігін сөз етті. Ол ашықтық пен жариялылықтың халық пен билік арасындағы сенімді нығайтудағы рөлін баса айтты.

Шара соңында қатысушылар мұндай оқыту бағдарламаларын тұрақты түрде өткізіп тұрудың қажеттілігін де жеткізді. Депутаттардың біліктілігін арттыру мен атқарушы органдармен өзара іс-қимылды нығайту – азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруда маңызды орын иеленеді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

«Адал еңбек ерлікке жеткізер...»

Қарағанды облысында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XX еңбек маусымы аяқталды. Дерекке сүйенсек, биыл аймақта «Жасыл ел» еңбек жасағында бес мыңға жуық адам жұмыс істеген.

Жыл өткен сайын жасақтың қатары артып, жұмыстың нәтижесі де артып келеді. Осы маусымда жұмыс істеген бес мыңға жуық жастың үштен бірі – әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүшелері.

– Сіздер жаз бойы өз аймақтарыңызды тазалап, абаттандырдыңыздар. Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына белсенді қатыстыңыздар. Оның мақсаты – қалаларымыз бен ауылдарымызды таза ұстап және жасыл желекке толтыру, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Нұржан Ілияш еңбек маусымының жабылу салтанатында.

Жасақ сапында қызмет еткен үздік жұмысшылар Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Сонымен қатар, жарыс жеңімпаздары үшін жүлделер қарастырылып, тимбилдинг ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Аталған еңбек маусымының жабылу құрметіне Қарағанды қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Онда отандық танымал орындаушылар Sanzhar, Әлішер Қонысбаев және Bellucci өнер көрсетті.

Қайнаған еңбекке толы маусымды аяқтаған жастар, мол тәжірибе жинап, жаңа достар тапқанын айтады.

Өз тілшімізден

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

● БРИФИНГ

АПВ вакцинасы қолданыста

Елімізде 11 жастағы қыздарды адам папиллома вирусына қарсы вакцинациялау басталды. Иммундау 12-13 жастағы қыздарға да жасалады. Республика бойынша 1600 қыз бала екпе алуы тиіс. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мамандар вакцинация ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін білім беру ұйымдарының медициналық кабинетінде жүргізілетінін айтты. Оны тіркелген жері бойынша емханада да алуға мүмкіндік бар. Вакцинация тегін жасалады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адам папиллома вирусының бүгінгі күні 200-ден астам түрі белгілі. Оның кейбір түрлері жыныстық жолмен беріледі және жатыр мойны обыры мен басқа да қатерлі ісіктерді тудыруы мүмкін. Олар жоғары онкогендік қауіп түрлері деп аталады. Онкогендік қаупі төмен түрлері кәдімгі сүйел, табан сүйелдері, жыныс мүшесі сүйелдеріне немесе сирек жағдайларда тыныс алу жолдарындағы папилломатозды өсінділерге әкелуі мүмкін. Көпшілік жағдайда ол алаңдаушылық туғызбайды. Алайда, вирус адам ағзасында ұзақ уақыт бойы өмір сүре берсе, қатерлі ісікке айналу ықтималдығы бар. Мәселен, патологиялық өзгерістер 15-20 жылда жатыр мойны обырына айналуы мүмкін.

Жалпы, АПВ инфекциясы жатыр мойны, жыныс мүшелері, көмей және ауыз қуысының қатерлі ісігін тудыруы мүмкін. Жатыр мойны обыры ел бойынша әйелдердегі қатерлі ісіктер құрылымында екінші орында. Жылына 1900-ге жуық жаңа жағдай тіркеледі және 25 пен 44 жас аралығында 600-ден астам әйел қайтыс болады. Әлемде жыл сайын жатыр мойны обырынан 300 мыңға жуық әйел қайтыс болады.

– Соңғы 20 жылда елде жатыр мойны обыры 26%-ға өсті. Ғылыми зерттеулер жатыр мойны обырының негізгі себебі АПВ инфекциясы екенін дәлелдеді. Қазақ онкология және радиология ғылыми институтында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша жатыр мойны обырының даму себебі 74% жағдайда вирустың 16 және 18 онкогендік түрін жұқтырумен байланысты, – дейді дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова.

Вирус адамнан адамға тері, шырышты қабаттармен және дене сұйықтықтарымен тікелей байланыс арқылы, яғни, қол алысу, сүйісу, терінің зақымдануы арқылы жұғады. Ал, АПВ-нің 30-ға жуық түрі жыныстық жолмен беріледі. Босану кезінде анадан балаға берілуі сирек кездеседі. Мамандар вирустың ылғалды ортада тез көбейетіндігін айтады. Сондықтан, қоғамдық орындарға – сауналар, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барған кезде жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау қажет.



Инфографиканы жасаған А.Рахымжан

Спикер АПВ және жатыр мойны обырын жұқтырудың алдын алудағы ең тиімді әдісі 11-13 жастағы қыздарға вакцинацияны жүргізу екенін алға тартады.

– АПВ вакцинасы өзінің тиімділігі мен қауіпсіздігін халықаралық деңгейде дәлелдеді, – деді Гүлжан Жақтайқызы. – Бүгінгі таңда ол әлемнің 135 елінде, оның ішінде, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанда қолданылады. Бірқатар елдерде вакцинацияның арқасында әйелдер арасында АПВ таралуы бүгінгі күні 90%-ға төмендеген. Адам папиллома вирусына қарсы вакциналар 2006 жылдан бері қол жетімді. Сол уақыттан бері әлемде 100 миллионнан астам адам екпе алды.

Қазақстанда вирустың аса онкогенді түрлерінен қорғайтын «Гардасил» вакцинасы қолданылады. АҚШ-та шыққан вакцина 2006 жылы қолдануға лицензия алды және Канада, Аустралия, Израиль, Ресей, Грузия, Молдова, Оңтүстік Африка және басқа да ұзын саны 70-тен астам елде қолданылады.

«Гардасил» вакцинасы – төрт валентті вакцина. Яғни, ол АПВ ең қауіпті және кең таралған төрт түрінен – 6, 11, 16 және 18 қорғайды және 9 жастан бастап қолдануға арналған.

– Барлық тіркелген вакциналар қауіпсіз және адам папилломавирусын жұқтырудан туындаған онкологиялық аурулардан тиімді қорғайды. АПВ вакцинациясын салмас бұрын медициналық қызметкер иммунопрофилактика сұрақтары бойынша кезеңді тестілеу жүргізеді, содан кейін ғана егуге рұқсат берілді. Вакцинация қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда дәрігердің қарауынан кейін жасалады. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары егу кабинеттеріне вакциналардың сақталуына және тасымалдануында суық тізбектерінің барлық кезеңдерінде нормативтік талаптардың сақталуына мониторинг жүргізуде, – деп атап өтті Гүлжан Байгутанова.

АПВ вакциналары стандартты 0,5 мл көлемде иық бұлшықетіне салынады. Ол екі дозадан тұрады, екіншісі 6 айдан кейін салынады.

Мамандардың айтуынша, вакцинациядан кейін дененің жеңіл реакциялары болуы мүмкін. Мәселен, инъекция орнында ауырсыну, қызару немесе ісіну, бас ауруы немесе температураның шамалы көтерілуі сияқты белгілер болады. Олар әдетте бірнеше сағаттан бір күнге дейін созылады.

– Адам папиллома вирусына қарсы вакцинаның құрамында тірі вирустар жоқ. Онда вирустың жеке ақуыздары бар, олар ағзаға еніп, иммунитетті белсенді ете түседі. Вакцина жоғары онкогенді АПВ түрлеріне қарсы бағытталған және жатыр мойны обырының даму қаупін азайтады, – деген спикер ата-аналарды жалған ақпаратқа сенбеуге шақырды.

● СЕССИЯ

Ортақ мүдде орасан игілікке бастайды

Қоғам пікірін дөп басып, айтылған сынды аяқсыз қалдырмай, түзетуге септесіп, билік пен халық арасында көпір болып жүрген облыстық мәслихат депутаттары өңір проблемаларын үнемі назарда ұстап келеді. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен кезекті XVIII сессия барысында да ауқымды мәселелер қаралып, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі тыңдалды. Тыңдап қана қойған жоқ, депутаттар өңір игілігі үшін атқарылуы тиіс бірқатар мәселелерді де көтерді. Одан бөлек, сессияға дайындық барысында халық қалаулылары бюджетті нақтылау, өңірдің даму қорытындылары, дәрігерлерді әлеуметтік қолдау шаралары және тағы басқа да сұрақтарды зерделеуден бөлек, тұрғындардың наразылығы бойынша келіп түскен мәселелерге қатысты аймақтағы полигондарға, қоқыс сұрыптау зауыттарына барып, облыстағы қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мен қайта өңдеудің жағдайын да көздерімен көріп қайтқан болатын.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Билік тармақтарының бірлігі

Ермағанбет Қабдулаұлының айтуынша, облыс экономикасы тұрақты дамып келеді. Өңдеу өнеркәсібінде сегіз айдың қорытындысы бойынша өсім – 10,3%-ды құрады. Одан бөлек, өңірде мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейтінін де айту керек. Дәл осы кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің саны миллионнан асады. Одан бөлек, аймақ басшысы бюджеттің әлеуметтік бағдарлануы, экономика, шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешен, жолдарды жөндеу, жаңа мектептер салу және спортты қолдау туралы айтты.

Сессия жұмысын ашқан Нұркен Сайфиддинұлы бірлескен күш-жігердің арқасында ғана өңірдің кешенді дамуына және басты мақсатты шешуге қол жеткізуге болатынына тоқталды.

– Бүгін біз жергілікті атқарушы органдардың, депутаттық корпустың және өңір тұрғындарының ортақ жұмысының нәтижесі болып табылатын аралық қорытындыларды шығарамыз. Облыс әкімінің депутаттар алдындағы есебі атқарылған жұмыстарға талдау жүргізуге, динамиканы атап өтуге, шешілмеген мәселелерге объективті қарауға және өңіріміздің одан әрі даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сізге ауқымды міндеттер қойылды және біз оларды жүзеге асыруға барлық жағынан жәрдемдесуге дайынбыз. Сайлаушылардан, саяси партиялардан алдағы сессияларда қарастыруды жоспарлап отырған мәселелер бойынша бірқатар өтініштер бар. Олардың жүзеге асырылуы облыс тұрғындарының әл-ауқаты мен жайлылық деңгейін арттыруға ықпал етеді, – деді Нұркен Кобжанов.

> **2022 жылдан 2024 жылғы тамызға дейінгі кезеңде оң динамика байқалады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері саны 9,2%-ға өсуі байқалады. Олар шығаратын өнім көлемі – 2,7 трлн теңге. Ал, 2023-2024 жылдары жалпы сомасы 63,3 млрд теңгеге 994 жаңа жоба субсидияланды**

Депутаттар көтерген мәселе

Облыс басшысының есебін тыңдап, депутаттар бірқатар мәселелерді көтерді. Мәселен, Михаил Коновалов кәсіпкерлікке жеңілдікпен несие беруді кеңейту туралы айтса, Ерден Халилин спорттық инфрақұрылымды дамыту қажеттілігіне тоқталды. Ауыл шаруашылығы саласындағы мәселелерге бейжай қарай алмайтын Игорь Жабяк ет бағытын молайту, жемшөп базасын құру, жайылымдарды кеңейту тәрізді бастамаларды көтерді.

– Қазіргі уақытта шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында мемлекет кәсіпкерлер үшін өнімдер мен қызметтердің кең спектрін ұсынады. Олардың қатарында несиелеу, субсидиялау бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, несиелерге кепілдік беру, кәсіпкерлік жобаларды консультациялық қолдау және сүйемелдеу сияқты бірқатар шаралар бар. Мәселен, 2022 жылдан 2024 жылғы тамызға дейінгі кезеңде оң динамика байқалады. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері саны 9,2%-ға өсуі байқалады. Олар шығаратын өнім көлемі – 2,7 трлн теңге. Ал, 2023-2024 жылдары жалпы сомасы 63,3 млрд теңгеге 994 жаңа жоба субсидияланды, – дейді Михаил Александрович.

Бірақ, депутат жетістіктерімен қатар, кез келген елдің экономикасының негізі саналатын ШОБ алдында кедергілердің де жоқ емес екенін көрсетті. Айтуынша, бизнес несие ресурстарына қол жеткізу сияқты қиындықтарға жиі тап болады. Осыған байланысты, өңір болашағына қатысты маңызды тақырып – кәсіпкерлікті субсидиялау мен жеңілдікпен кредиттеуді кеңейту қажеттілігіне тоқталды.

– Өңірде жас стартаптар, шағын және орта бизнес белсенді қолдауға ие болғанына қарамастан, көбінесе бұл шаралар кәсіпкерлік ортаны табысты дамыту үшін жеткіліксіз. Қазіргі уақытта Қарағанды облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры өтінімдерді қарауды, субсидиялау және кепілдік беру шарттарына қол қоюды тоқтатты. Уәкілетті органдардың деректері бойынша субсидиялау және кепілдік беру бойынша бұрын қабылданған міндеттемелерге 6 млрд теңге және жаңа жобаларды іске асыруға 1,4 млрд теңге мөлшерінде қаражат жетпейді, – деді Михаил Коновалов.

Одан бөлек, субсидиялау көлемі бизнестің нақты қажеттіліктеріне сәйкес емес. Қаржылық қолдау да қысқа мерзімге ғана көрсетіледі. Осыған байланысты Михаил Александрович Ермағанбет Қабдулаұлына кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін, оның ішінде, облыстық бюджет қаражаты есебінен шешу мүмкіндігін қарастыруды сұрады.

Ал, депутат Ерден Халилин аймақ спортына қатысты пікірін білдірді. Ол жастардың дені сау, мықты азамат болып өсуі, ұлт саулығын сақтау үшін бұқаралық спорттың маңызы айрықша дейді.

– Биыл Париж Олимпиадасы және Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары өтті. Нәтижесі жаман емес. Мәселен, параспортшыларымыз 2 қола жүлдеге қол жеткізсе, көшпенділер ойындары бойынша 1 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлдеге ие болды. Спортты дамытуға ерекше ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Осы бағытта соңғы жылдары аудан орталықтарында, ауылдарда және шағын қалаларда көптеген спорт нысандары салынып, қолданысқа берілді. Одан бөлек, 30 жыл бұрын жабылып қалған дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінің қайта ашылуы. Спорттың дамуына дәрігерлік бақылаудың және ғылыми бағыттағы жұмыстардың болмауы үлкен кедергі. Қазіргі таңда осы бағытта үлкен жұмыстар атқарылып жатыр, – деді Ерден Балтабайұлы.

Соған қарамастан, бірқатар проблемалар да бар екенін айтады депутат. Мәселен, Дүниежүзілік көшпенділер ойыны әлі де болса ұлттық спорттың дамуында олқылықтар бар екенін көрсетті.

– Бұған бірден-бір себеп – облысымызда заманауи талапқа сай оқу-жаттығу және жарыстар өткізетін ипподромның болмауы. Жоғарыда айтылған спорттық нысандарды жүзеге асыруда облыстық мәслихат депутаттары мен облыс басшылығы бірлесіп, қолдау көрсетеді деп білемін, – деп сөзін аяқтады Ерден Халилин.

Ал, Игорь Жабяк сессия барысында Ермағанбет Бөлекпаевқа ауыл шаруашылығы саласында жылдар бойы қордаланып, шешімін таппай келе жатқан мәселелерді жеткізді. Айтуынша, етті бағыттағы өсімді молайтуды ұйымдастыру, жайылымдарды кеңейту және табиғи алқаптарды жақсарту жолымен тиімді жемшөп базасын құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру талап етіледі. Одан бөлек, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, тұқым шаруашылығын қолдауға субсидиялар беру тәжірибесін сақтау да маңызды.

> **Облыстық бюджеттен қаржылық көмек көрсетілетін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қызметінің тиімділігін бағалау мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Одан бөлек, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының азықтүлік тауарларының тұрақтандыру қорын құру, қолда бар көкөніс қоймалары мен жер учаскелерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мәселесі де өзекті**

– Облыстық бюджеттен қаржылық көмек көрсетілетін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қызметінің тиімділігін бағалау мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Одан бөлек, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының азықтүлік тауарларының тұрақтандыру қорын құру, қолда бар көкөніс қоймалары мен жер учаскелерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мәселесі де өзекті, – деді Игорь Жабяк.

Тұрмыстық қалдық зиянын тигізбеуі тиіс

Сессияда қаралған басты мәселенің бірі – қоқысты шығару және қайта өңдеу. Аталған мәселеге ерекше ыждағаттылық танытқан депутаттар бірнеше ай қатарынан жұмыс жүргізгенін де айту керек. Мәселен, Нұркен Кобжановтың өкімімен 13 топтан тұратын уақытша жұмыс комиссиясы құрылып, оның құрамына облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттары, аудандық және қалалық әкімдіктердің, экология, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменттерінің, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері кірген.

Олар рұқсат етілмеген полигондарға, күл үйінділеріне, қоқыс сұрыптау кәсіпорындарына барып, проблеманы көзбен көрген. Бұл, өз кезегінде осы саладағы проблемаларды анықтауға мүмкіндік беретіні анық. Нәтижесінде, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында шешім шығарылды. Онда 30-дан астам ұсыныстар көрсетілген.

Мәселен, облыс әкімдігіне коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бірыңғай органды айқындау ұсынылды. Ол ҚТҚ полигондарын сұрыптау, жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, көму, өртеу, салу және стихиялық полигондарды жою мәселелері бойынша жұмысты үйлестіретін болады.

Ал, қалалар мен аудандардың әкімдіктері полигондар үшін ресімделген жер учаскелерінің болуы және олардың қажеттіліктері туралы талдамалық ақпарат беруі, сондай-ақ, Экологиялық кодекс талаптарына сәйкес келмейтін 131 полигонды заңдастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет.

Қазіргі заманғы экологиялық стандарттарды ескере отырып, ҚТҚ жаңа полигондарын салуға немесе қолданыстағы полигондарды жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бюджет қаражатын бөлу және қоғамдық тыңдаулар өткізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Ал, депутаттар құрылыс қалдықтарының жеке полигондарын, оларды уақытша сақтау және қайта өңдеу үшін арнайы алаңдар құруды ұсынды.

Облыстың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне, экология департаментіне қалалар мен аудандар әкімдіктерімен бірлесіп, жұмыс істеп тұрған полигондарды санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкестігін тексеруді, санитарлық-экологиялық талаптардың сақталуын бақылауды күшейтуді жүзеге асыру тапсырылды.

Сондай-ақ, депутаттар қоғамдық орындарда және аудандарда пластик, қағаз, шыны және органикалық қалдықтарға арналған бөлек контейнерлер орнатуды, аулаларда контейнерлік алаңдарды жабдықтауды және коммуналдық кәсіпорындардың қызметкерлерін қалдықтардың әртүрлі түрлерін сұрыптау және өңдеу техникасына үйретуді сұрады.

Облыстық бюджетке өзгерістер енгізілді

Сессия барысында депутаттар Ермек Әбілдин мен Ойрат Нұрқазов та өздерінің сұраныстарын білдірді. Олар облыс автожолдарындағы полиция қызметкерлерінің іс-әрекеті мен салық органдары қызметкерлерінің ауыл тұрғындарына салық берешегі бойынша хабарламаларына қатысты болды. Бұл сауалдарды мемлекеттік органдардың бақылауына алғанын облыстық мәслихат өзі қадағалайды.

Одан бөлек, сессия барысында облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов депутаттар назарына Қарағанды облысы мен Қазақстан Республикасының дамуына қосқан ерекше еңбегі мен жеке үлесі үшін «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағына ие болатын тұлғалардың кандидатураларын ұсынды.

Халық қалаулылары Еңбек ардагері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның мемлекеттік және саяси қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты Камалтин Мұхамеджановқа, Самбо күресінен КСРО спорт шебері, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы, еңбек ардагері, Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушысы Диқанбай Биткөзовке, сондай-ақ, КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Екатерина Кузнецоваға «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағын беруді бірауыздан қолдады.

Сессияда депутаттар 2024 жылға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізгенін де айту керек. Олардың барлығы облыс тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Айта кету керек, Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясының үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету мақсатында ұлттың имиджін айқындайтын іргелі құндылықтарды, базалық идеологиялар мен бағдарларды ілгерілету жөнінде бірқатар міндеттер қойған болатын. Осыған орай, Нұркен Кобжанов «Бірлік» депутаттық тобы құрылатынын да айтты.

– Бүгінде халқымыздың бірлігін нығайту өте маңызды. Бұл жағдайда депутаттық корпус ерекше роль атқарады. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін барлық деңгейдегі депутаттардың мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылы қажет. Осыған байланысты біз Қазақстан халқы Ассамблеясымен және азаматтық қоғаммен, оның ішінде, этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелері бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін «Бірлік» депутаттық тобын құрамыз, – деді ол.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Экономика атом энергиясын талап етеді



Атом электр станциясын салу қазіргі таңда кеңінен талқыда. Оны жан-жақты зерделеген талдаулар да жеткілікті. Негізі, атом электр станциясының дамуға зор ықпал етері ескерілуі тиіс. Қуат тапшылығынан құтқарып, басқа елге энергияға тәуелділіктен арылтады.



Коллажды жасаған А.Рахымжан

Бүгінгі жағдай өзгермесе, алдағы жылдарда қазіргі 2 пайыздық электр энергиясы тапшылығы бұдан да күрделене береді. Бізде қазір электр энергиясының 80%-ға жуығы – көмір, мұнай, газ жағу арқылы, 12-14%-ын – су электр станцияларынан, 6-7%-ын жел және күн энергиясынан алынады. Тапшылық Ресейден импорттау арқылы жабылып отыр.

Өзімізде су электр станцияларын салуға таулар аз. Елімізде тегістік жерлер молырақ. Жасыл энергия – күн және жел станциялары қымбат және сенімді емес. Бұлтсыз күндер де сирек, жел де тұрақты емес. Ал, Киото, Париж, Дубай экологиялық конференцияларының шешімдерінен кейін жылу электр станцияларын 2050 жылға барып тоқтатуға мәжбүр боламыз. Егер көміртегі бейтараптығын қамтамасыз етпесек, жылу электр станциялары тиімсіздігін көрсетеді. Экологиялық салықтар мен төлемдер көбейеді. Тек АЭС қалады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, біз сияқты тегіс жерде жайласқан елдердің барлығы, негізгі электр энергиясын АЭС-тен алады. Түркия, Сауд Арабиясы, Франция, АҚШ, Бразилия бұған жарық мысал бола алады.

Ал, біз АЭС-тің шикізаты уранға баймыз. Бауырлас Өзбекстанда да уран шикізаты мол. Өзбекстанмен бірлесе отырып, уранды экспортқа шикізат ретінде сатпай, электр энергиясы түрінде сатар болсақ, сөз жоқ, мәре біздікі. Тек бір ғана электр энергиясын сатумен 2-3 млрд долларлық табыс табуға мүмкіндік бар. Франция электр энергиясын Германияға, Италияға және басқа көрші елдерге сатып, 7 млрд долларлық табыс тауып отыр қазіргі таңда. Еуропа елдері бізден электр энергиясымен бірге сутегі (водород) жағылғысын да импорттауға дайын.

Жалпы, Қазақстанда Алматыда, Курчатовта ядролық қондырғылар жұмыс істеп тұр. Мамандар мәселесі шешілген. Көп ядро саласындағы білікті мамандарымыз шет елдердегі атом станцияларында қызмет етуде. Қайта АЭС-ке қосымша мамандар жұмылдырылып, жаңа жұмыс орындары ашылады. АЭС-ке қызмет көрсететін сабақтас салалар да дами бастайды. Ғылым дамиды, физика, химия, биология мамандарына сұраныс артады.

АЭС-тің орналасу жайы да тиімді. Ол электр энергиясы тапшы оңтүстік өңірге жақын. Сондықтан, экономикалық тиімділігі ЖІӨ-ге де, бюджетімізге де қомақты болары хақ. Ең маңыздысы, экологияның көптеген мәселелері шешіледі. Әсіресе, қыста Алматы ауасын жылу электр станцияларынан құтқару мүмкін болады. Оларды жауып, бейбіт атом қуатын пайдаланамыз.

Осы уәждердің баршасы атом энергетикасын дамытуды кешіктірмей бастау қажеттігі туралы сенімді түрде айтуға мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде, көміртексіз энергия өндіруге көшу жағдайында елдің индустриялық экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету, экономикамыздың дамуына, өнеркәсіптің жалпы технологиялық деңгейін арттыру, шикізаттық бағыттылықтан алшақтап, елімізді тиімді индустрияландыруға, білім экономикасын дамытуға негіз жасау, атом өнеркәсібін де, энергетиканы да, сондай-ақ, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланудың басқа да салаларын (атом медицинасы, өнеркәсіптегі, ғылымдағы ядролық технологиялар) одан әрі дамытуға ынталандыру. Болмаса, өркениет көшінен қаламыз.

Сапарбай ЖОБАЕВ,
Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

Болашаққа бәріміз де жауаптымыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес алдағы 6 қазан күні елімізде АЭС құрылысы бойынша жалпыхалықтық референдум өтеді.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел Үкіметі атом энергетикасын елдің экономикасы мен энергетикасын әртараптандыру стратегиясының бөлігі ретінде қарастырып отыр. Қазақстан Париж келісіміне қол қойып, таза энергия көздеріне көшуді талап ететін парниктік газдар шығарындыларын азайтуға міндеттеме алды. Биліктің пікірі бойынша, АЭС салу – тұрақты даму жолындағы аса маңызды қадам.

Қазақстан халқы тәуелсіздік жылдарында осыған дейін үш рет жалпыхалықтық референдумға қатысты. Яғни, Қазақстанда ел болып таңдау жасау тәжірибесі бар. Бұл жолы референдумға еліміздің келешегі үшін үлкен маңызға ие мәселе шығарылып отыр. Еліміздің әрбір сайлау құқығы бар азаматы мемлекетте АЭС құрылысын салуға қатысты өз таңдауын жасайды.

Осы мақсатта Қарқаралы ауданы бойынша 51 учаскелік референдум комиссиясы құрылып, оларда жұмыс істейтін 269 адам және аудандық референдум комиссиясы дауыс беру күні халыққа қызмет жасауға дайын отыр. Учаскелердің барлығы қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Бүгінде Қарқаралы ауданы бойынша 20 мыңға жуық сайлаушы бар. Қазіргі уақытта референдум тақырыбы бойынша халық арасында ақпараттық сауаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты мағлұматтар беріліп, әлеуметтік желі қосымшаларында және аудандағы елдімекендерде көрнекілік ақпараттар жарияланып, референдумға шақыру парақшалары таратылды.

Жалпы, 6 қазан күні дауыс беру құқы бар азаматтардың жартысынан көбі референдумға қатысып, өз таңдауын жасаса, бұл референдумның заң талаптарына сәйкес өткендігін айғақтайды. Сондай-ақ, референдумның нәтижесі де дауыс беруші азаматтардың елімізде АЭС құрылысын салуды қолдауына немесе қолдамауына байланысты. Яғни, АЭС халықтың жартысынан көбі қолдаса, салынады, керісінше, жартысынан көбі қарсы болса, салынбайды.

Ең бастысы, азаматтар 6 қазан күні тиісті референдум учаскесіне төлқұжатымен барып, осынау маңызды мәселеге қатысты өз таңдауын жасауы тиіс. Елдің бірлігі, тұрғындардың ортақ мақсатқа ұмтылуы осындай маңызды шарада байқалады. Референдумға қатысу – әрқайсымыздың құқығымыз ғана емес, сонымен бірге, еліміздің болашағы алдындағы жауапкершілігіміз. Сондықтан, барша азаматтарды 6 қазан күні жалпыхалықтық референдумға қатысуға шақырамыз!

Қарқаралы ауданы

Ел ертеңі үшін маңызды қадам

Елімізге АЭС салу мәселесі бүгін ғана қозғалып отырған жоқ.

Әрине, Қазақстан ядролық апаттардан зардап шегіп, көп қиындықтарды бастан өткерді. Соның салдарынан атом туралы айтылған кезде халықтың бойында қорқыныш, үрей басым болуы заңдылық.

Коллажды жасаған А.Коктаева

Дегенмен, дамыған елдер атом электр станциясын салдырып, соның арқасында алға жылжып, ел экономикасына зор ықпал етіп отыр.

АЭС электр энергиясын өндіру – көмір мен газбен қуаттанатын жылу энергия станцияларына қарағанда өте арзанға түседі. Оның үстіне, еліміз уранға өте бай.

Көмір мен газ орнына уранды қолданса, елімізде АЭС үшін шикізат тапшылығы болмайды. Қазір елімізде және шет елден де білім алып келіп жатқан жас мамандар жеткілікті.

АЭС – Қазақстанның экономикалық және жан-жақты дамуы үшін маңызды қадам. Сондықтан, АЭС салу дұрыс шешім деп ойлаймын.

АЭС салу мәселесін еліміздегі ғалымдар жан-жақты зерттеп, осындай тоқтамға келгені белгілі. Болашақта АЭС еліміздің дамуына да зор серпін әкеледі деп сенемін.

Арон ҚАЖҒАЛИЕВ,
Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі оқытушысы

● АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Келешегі кемел бастама

Қазақстанда АЭС құрылысын салу ісін мен оң қабылдаймын. Өйткені, ол еліміздің дамуын алға бастырып, оны тұрақты және сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, көміртегіне тәуелділікті азайтып, энергия тапшылығы, табиғат ластануын азайтады.

Атом энергетикасында қолданылатын заманауи технологиялар қауіпсіздік деңгейін арттырарына сенемін. Сол сияқты АЭС салынуы жаңа жұмыс орындарын ашып, аймақтарымыздың экономикасының дамуы мен жастарымыздың жарқын болашағына да жол ашпақ.

Сондықтан да, мен осы АЭС құрылысын салудың арқасында Қазақстан үшін жаңа көкжиектер ашылып, экологиялық таза болашаққа қадам басарымызға күмәнданбаймын.

Исақ ҚАПАШЕВ,
зейнеткер
Бұқар жырау ауданы

Жарты ғасырдан кейінгі жаңару

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұған «Қарағанды Су» ЖШС алты миллиард теңге бөлген. Қыруар ақша бөлініп, талай жұмыстар атқарылса да, жоғарыдағы көрсеткіштің екі пайызы ғана орындалмақ. «Қарағанды Су» ЖШС балансындағы су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы – 1 119 шақырым. Бұған дейін 649,7 шақырымы ауыстырылған. Биыл 2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның жоспарына сәйкес ұзындығы 25 шақырым болатын су құбыры ауыстырылуда. Ол үшін 2,3 млрд теңге қарастырылыпты. Мамандардың мәлімдеуінше, бұл бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын.

Жөндеу жұмыстары тұрғысын ауқымды әрі күрделі жобаның бірі – Крылов көшесі. Құрамында БАҚ өкілдері, өзге тиісті ұйымдардың мамандары бар топ жөндеу жұмыстарымен арнайы барып танысты.

Степная көшесінен басталып, С.Сейфуллин көшесіне дейінгі аралық бір шақырымнан асар-аспас. Бұл көшеден күні-түні көлік арылмайды. Мамандар су құбырын бұрынғысынша жерді қазып орнатпайды. Жаңа технологиямен төсеп жатыр.

– Қазіргі таңда бұл жердегі құбырлар – GNB, яғни, көлденең бағыттағы бұрғылау әдісімен жүргізілуде. Бұл – құбырларды төсеудің ең қауіпсіз әдістерінің бірі. Бұл әдісті қолданған кезде ландшафт беті өзгеріссіз қалады. Бұл көшенің құбырларының да ауыстырылмағанына талай жыл өткен. Қазір жер астында диаметрі 300 мм болатын болат құбыр жатыр. Енді біз сол болаттың орнына диаметрі 315 мм болатын полиэтилен құбырын орнатамыз. Себебі, Крылов көшесі магистраль. Бұл – мемлекеттік сараптамадан өткен жоба, – деді «Қарағанды Су» ЖШС директоры Ербол Төлеуов.

Яғни, су құбыры толық ауыстырылғанда Крылов, Қ.Аманжолов көшесінің бойындағы, Михайлов аталған қаланың бұл бөлігіндегі үйлер және жолдың қарсы бетіндегі жеке секторлар судан таршылық көрмейді. Жөндеу жұмыстары қазан айының соңына дейін мәреге жетеді деген батыл жоспар бар.

Қарағандыдағы кәріз жүйесіне де жауапты осы компания. Оның баласындағы кәріз желілерінің жалпы ұзындығы – 737 шақырымды құрайды. Компанияның мәлімдеуінше, бұған дейін оның 125,5 шақырымы ауыстырылған екен. Биыл айдың соңына дейін 20,8 шақырымы жаңарады деп күтілуде. Ол үшін қомақты қаржы бөлінген. Атап айтқанда, осы жоғарыда айтылған шақырымға 3,7 млрд теңге жұмсалады.

Елу жылдан бері жөндеу көрмей, жүйесі тозған кәріз желісінің бір бөлігі Гастелло мен Сәтбаев көшелерінің бойында. Елу жыл бұрынғы шойын құбырлар қазіргі таңда полиэтилен құбырларға ауыстырылу үстінде. Бұл желінің ұзындығы бір шақырымнан асып жығылады. Мамандардың айтуынша, құбыр желілері әбден тозған. Тозғандығы сондай ауыстыру кезінде жарылып жатса керек. Кәріз де толып қалған екен.

Бұл жобаның құны – 126 млн теңгені құрайды екен. Мұнда да тұрғындар мен көлік жүргізушілерге қолайсыздық тудырмас үшін көлденең бұрғылау технологиясы қолданылуда.

– Бұл жерді де қазып, көлік жүргізушілердің берекесін алар қолайсыздық туындаған жоқ. Құбыр төсеу жұмыстары көлденең бағыттағы бұрғылау әдісімен жүргізіліп жатыр. Құжатқа қол қойылған бойда бірден жұмысқа кірісіп кеттік. Бұл жерде 20 құдық бар. Әуелі қажетті материалдарымызды жеткізіп алып, құдықты орнаттық. Құдық орнатылғаннан кейін GNB әдісімен 200 мм болатын полиэтилен құбырын жүргіздік. Жалпы, негізгі жұмыстар аяқталды. Қазір ішкі жұмыстар ғана қалып тұр.

1965-1970 жылдары салынған құбыр болғаннан кейін жөндеу жұмыстары барысында сынып жатыр. Әрі кәріз желісі де бітеліп, толып қалыпты, – деді «Ulytay Building» ЖШС атқарушы директоры Айрат Жанайдаров.

Сорғы станциялары да жөндеуден тыс қалмақ емес. Мәселен, қабырғасы қаланғанына биыл елу жыл толған №2 сорғы станциясы бар. Соңғы жиырма жылда бұл станция күрделі жөндеу көрмепті.

Ғимараттың тозығы жеткен. Бүгінде сол ғимаратты да жөндеу қолға алынған. Сырты тегістеліп, арнайы жабынмен қапталады. Төбесі де қалыпқа келтіріледі. Одан бөлек, ішіндегі қуатты сорғылар заман талабына да сай емес. Қазір сорғылардың бірнешеуіне ғана жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Суреттерді түсірген **автор**

«Даму» қорының қомақты қолдауы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта «Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдау үшін бірқатар бағдарламаларды, оның ішінде облыс әкімдігімен бірлесіп, «Кәсіпкер» аумақтық нүктелік өңірлік бағдарламасын белсенді іске асыруда, – дейді директор.

Қор қолдауын сезінгендердің бірі – жеке кәсіпкер Никита Дорош. Ол бірнеше жыл бұрын «Neyshes Boots» брендімен аяқ киім шығаратын кәсіпорын ашқан еді. «Дамудан» алған қаражат жас бизнесменге тиімді несие рәсімдеп, өндірісін кеңейтуге екпін берді.

– Біз нағыз былғарыдан аяқ киім тігіп, оны сатумен айналысамыз. Өзім бала кезімнен қолдан тігілген аяқ киімді жақсы көретінмін. Ең алғаш мұндай өнеркәсіпті Алматыдан тауып, сатып алдым. Соны тұтынып жүрдім. «Кейін неге өңірімізден осындай кәсіп ашпасқа?» деп ойландым да, тәуекел еттім. Тәубе. Шеберлер таптым. Шаруамыз жаман емес. Таза былғарыдан тігеміз. Дегенмен, енді ғана кәсіп ашқан жас бизнесменге демеу керек қой. «Даму» қорының көмегі кәсібіме жаңа тыныс әкелді. Олардың мұндай мүмкіндігін үш жылда үш мәрте игілігіме жараттым. Қажетті жабдықтар алдық. Материал қорын байыттық, – дейді «Dorosh» компаниясының басшысы Никита Дорош.

Сым өткізетін арнайы қорап өндіруге маманданып алған «Profland-RT» ЖШС компаниясы 2007 жылдан бері жұмыс істейді. Жыл сайын 5 мың тонна өнімін нарыққа шығарады. 2022 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша кәсіпорын жабдықтарын сатып алу және өндірістік базаны жөндеуге 6 пайызбен, «Даму» қорының кепілдігімен екінші деңгейдегі банк арқылы 149 млн теңгеге екі кредиттік транш алады.

Екі жылдан кейін бірыңғай кешенді бағдарламаның арқасында компания банк арқылы айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландырылды. Пайыздық мөлшерлеме 8 пайызға дейін төмендетіліп, «Даму» қорынан кепілдік алды.



– Біздің компанияға 18 жыл толды. Біз күн электр станцияларының құрылысына, кабельдік науаларға және қосалқы құрылымдарға арналған металл профиль өндірумен айналысамыз. Өнім ассортименті үлкен. Өндірісте шамамен 70 адам жұмыс істейді. Біз айналым қаражатын және инвестициялық жобаларымызды несиелеу үшін «Дамуға» жүгініп, соның арқасында өнім қуатын арттырдық, – дейді «Profland-RT» ЖШС директоры Артем Слесаренко.

Топардағы «AAA LLP» ЖШС жылыжайы негізінен қияр мен қызанақ өсіреді. Мұнда заманауи агротехникалық әдістер мен технологияларды қолданады. Биыл Топар жылыжайы банктердің бірі арқылы айналым қаражатын жылдық 10 пайызбен толықтыру үшін екі транш алады. Ал оған «Даму» қоры 84 пайыз көлемінде кепілдік береді.

– Біз «Даму» қорының және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен кеңеюді жоспарлап отырмыз. 16 көкөніс түрін өсіреміз. Қиярдан бастап аскөкке дейін. Бүгінгі таңда жылыжайымызда 300-ге жуық адам жұмыс істейді. 6000 тоннадан астам өнімді нарыққа шығарамыз. Біз тауарымызды өңірімізде, Астанада, басқа да жақын қалаларда сатамыз. Қазір Таяу Шығыста сұранысқа ие қызанақтың және басқа дақылдардың ерекше түрін экспортқа дайындап жатырмыз. 2035 жылға қарай жылыжайды 40 гектарға дейін кеңейтпекпіз. Бұл ретте бізге «Даму» қоры жан-жақты көмектеседі, қаржы мәселелері бойынша кеңес береді, – дейді «AAA LLP» ЖШС директоры Абдурауф Абдумавлонов.

Жоғарыдағы кәсіпкерлердің барлығы келешекке ауқымды жоспар құрып отыр. Және бұл ойлағандары «Даму» қорымен тікелей байланысты. Қордың филиал басшылығы да «Қолдан келер көмекті көрсетеміз», дейді. Демек, мемлекет пен бизнес арасында алтын көпірге айналған «Даму» қорының демеуі үлкен.

Суреттер кәсіпорын иелерінен алынды

● ЖАСТАР КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІ

Жастарға берілген жаңа мүмкіндік

Қазіргі таңда мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбекқор, елге қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастар қажет. Жастарымыздың бойындағы күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттау, кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жаңа легін қалыптастыру – агенттіктің стратегиялық міндеттерінің бірі. Республика және облыс деңгейінде жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Сол жұмыстардың жалғасы ретінде биыл алғаш рет өткізілген Өңірлік кадр резервіне іріктеуді айтуға болады.

Жоба жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тартуды көздейді. Аймақта наурызда бастау алған Өңірлік кадр резерві жобасы өткен айда аяқталды. Қазіргі уақытта 25 адам іріктеуден өтті. Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады.

Талап бойынша іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімді және үш жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алды.

Облыс аумағында іріктеу жеті салалық бағыт – индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру мен экология бойынша жүргізілді.

Үміткерлер бес кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өткенін айта кету керек. Заңнаманы білуі және жеке қасиеттерін бағалауға тест жасалды. Одан бөлек, құзыреттерді бағалау ұйымдастырылды. Ол үміткерлердің проактивтілігін, қызметті басқару, мәселелерді талдау және шешу, көшбасшылық, сенімділік сияқты қасиеттерін анықтауға бағытталған. Төртінші кезеңде комиссиядағы құрылымдық сұхбат жүргізілді. Бұл кезеңде үміткерлер таңдаған салалық бағытына сәйкес жобаларын ұсынды. Оның арасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласын дамыту бойынша өзекті және қызықты жобалар баршылық. Үздік жобалар ретінде «Qarmet» компаниясы қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік-логистика орталығының жұмысы, Теміртау қаласының жылу жүйелерін оңтайландыру, ауыл шаруашылығы жерлерінің пестицидтермен ластану процессін шешу мақсатында жүйелік процестерді автоматтандыру, үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету, суармалы бау-бақшаны елдімекендердерде дамыту, самокад пен скутерлерді қауіпсіз жүргізу мектебі сынды жұмыстар танылды. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу арқылы Балқаш көлінде және Қарқаралы ауданында туризмді дамыту жобаларын да атап өтуге болады.

Аймақтағы Өңірлік резервке іріктеуі жобасына жалпы 364 адам қызығушылық танытты. Нәтижесінде 25 адам іріктеуден өтті. Олар кадрлық резервте екі жыл тұрады. Қазіргі уақытта бір адам Бұқар жырау ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды. Іріктеуден өткен резевшілердің көбісі мемлекеттік қызметшілер болғандықтан, өздеріне жүктелген қызметті атқара береді, ал, қалғандары квази және жеке сектордан келген азаматтар.

Президентіміз елде кең көлемде жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыру мемлекеттік қызметшілердің құзыретіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты екенін атап өтті. Сондықтан да бұл жобаның берері мол деп есептеймін. Жобаны алдағы келер жылы жалғастыру жоспары бар.

Жандос СӘРСЕН,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы

Сурет ашық дереккөзден

Адал бизнестің алғышарты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту керек, соның ішінде реттеу қағидатын қолдану арқылы ықпал етуді доғарған жөн. Тоқ етерін айтсақ, осы салаға сапалы өзгеріс жасау керек» деп, бизнеске нақты қолдау көрсету керектігін айтқан болатын. Мемлекет басшысының бизнесті қорғауға қатысты талаптарына сәйкес, жұмысында ашықтық пен заңдылық қағидаттарын басшылыққа алатын облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлері «Бизнесті қорғау» жобасы шеңберінде жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін бергенін айтады. Мәселен, бүгінде қылмыстық процеске қатысушыларға қысым көрсетілмеуі үшін тергеу әрекеттерінің барлығында бейнежазба қолданылады. Одан бөлек, азаптау фактілері мүлдем тіркелмеген. Ал, бизнес субъектілері тарапынан қылмыстық құдалау органдарының заңсыз әрекеттеріне шағым екі есеге азайған.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған А.Коктаева

Облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыру-бақылау басқармасының басшысы, экономикалық тергеу қызметінің подполковнигі Қуат Избановтың айтуынша, бүгінде жыл сайын мемлекет экономикалық тұрғыда «бизнесті сауықтыруға» бағытталған көптеген бағдарламаларды жетілдіріп, жүзеге асырып жатқанын айтады. Оның ішінде, бизнесті «көлеңкеден» шығару механизмдері де бар.

Миссиясына қаржы және экономика жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету кіретін Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі «Бизнесті қорғау» жобасын 2022 жылы енгізген.

– Мемлекет басшысының бизнесті қорғауға қатысты талаптарына сәйкес жұмысымызда ашықтық пен заңдылық қағидаларын басшылыққа аламыз. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қылмыстық істерді қозғау талаптары қатаңданған. Одан бөлек, азаматтардың Конституциялық құқықтарын сақтау кепілінің бірі ретінде қылмыстық іс-жүргізуді цифрландыру саясаты қатаң ұсталады. Тергеу әрекеттері бейнежазба құрылғыларына түсіріледі. Сонымен қатар, қазіргі таңда біздің күшіміз алдын алу шараларына бағытталған. Біз бизнес субъектілерінің іс-әрекетіне араласпай, талдау құралдарын қолданамыз, – дейді Қуат Ғалымұлы.

Ал, Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары, экономикалық тергеу қызметінің подполковнигі Ержан Өтебаев департамент бірінші кезекте, кәсіпкерлік субъектілерімен ұштасатын құқық қорғау органы болып табылатынын айтады. Сондықтан, жұмыстың барлығы қылмыстық құдалау орбитасына адал бизнесті тартуға жол бермеу призмасы арқылы жүзеге асырылады.

– Ең алдымен, жұмысымызда ақшаны заңсыз қолма-қолға айналдырушыларға, жалған ақша жасаушыларға, салық төлеуден жалтарушыларға, қаржы пирамидаларын ұйымдастырушыларға назар аударамыз. Бұл қатарда суррогат алкоголь, контрафактілік өнім өндірушілер, жасырын казино ұйымдастырушылар да бар. Бүгінде анықталған құқық бұзушылықтардың 70 пайызы дәл осындай жосықсыз элементтер тарапынан туындайды, – дейді Ержан Серғазыұлы.

Ал, «Бизнесті қорғау» жобасында кәсіпкерлік субъектілерін қылмыстық процеске негізсіз тарту фактілерін дер кезінде анықтауға және оларға ден қоюға мүмкіндік беретін индикаторлар әзірленіп, қолданылады. Нәтижесінде, оңалту негіздері бойынша тоқтатылған істер саны шамамен 2 есе азайған.

Департамент «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара іс-қимыл жасай отырып, проблемалық мәселелер мен оларды шешу жолдарын талқылау үшін кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізетінін де айту керек.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Қаржылық мониторинг агенттігі экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыруға және кәсіпкерлерді салық қылмыстары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту нормаларының шегін айқындаудың әділ тетігін енгізуге бағытталған қылмыстық заңнамаға түзетулер пакетін әзірледі. Осылайша, экономикалық тергеп-тексеру қызметі Қылмыстық кодекстің 66-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады. Статистикалық деректер мен тергеу практикасын ескере отырып, құқық бұзушылықтардың көрсетілген санынан қазіргі уақытта 2 бап қылмыссыздандырылды. Олар 219-бап, яғни, несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану және 241-бап, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманы бұзу бойынша. Олар Қылмыстық кодекстен алынып тасталып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылды, – дейді Ержан Өтебаев.

Ержан Серғазыұлы бизнеске жеңілдік мақсатында экономикалық контрабанда және кедендік баждардан жалтарғаны үшін жаза жеңілдетілгенін де айтады.

Экономикалық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыру жөніндегі шаралар бизнес-ортаның тұрақтылығын дамытуға, бюрократиялық кедергілерді төмендетуге және экономикалық өсуді ынталандыруға ықпал етпек.

Облыстың экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкерлері бизнес субъектілердің қызметіне араласпастан, оның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы қажетті ақпаратты қашықтан алатындарын да жеткізді.

● ТАНЫМ

«Үлкен Балқаш ісі»

Коллажды жасаған А.Коктаева

1917 жылғы бағы қайтқан сорлы елге тәкаппар, әділетсіз залымдарды бас қылып қою дәстүрі тағдырдың бұлжымас жолы ма екен? Әлде бұл жаратылыс заңының мал, мансаптан мас болып, мейірімді ет-жүрегін тас қылып, негізі мықты, мінезі тұрақты жақсысын танымай, таппай адасқан қоғамға махшарда сұрау беретұғын қылып жаралғанын есіне салған әділет ісі ме?

1937 жылдағы Қарағанды облыстық коммунистік партия бюросының мүшесі Б.Мұстафин өз естелігінде «А.Асылбековке қарсы қылмыстық істі ұйымдастырушы Балқаш құрылысының және мыс қорыту комбинатының бастығы В.Иванов» депті. (Нәубет. «Жалын» баспасы, 239-бет)

Алайда, архивтегі құжаттар Балқаш, Қоңырат өндірісінің басшысы В.Ивановтың өзі 1937 жылы қамауға алынғанын баяндайды. Баспасөз бетінде «Қарағанды», «Қаркаралы», «Ақмола» деп аталып кеткен Асылбековтердің ісіне оның ешбір қатысы жоқ екенін айғақтайды. (Қарағанды облыстық архиві. Қ-1, т.1, іс 7, б.12, 20, 91. Әрі қарай – ҚОА.)

Архивтегі деректер 1937 жылғы Қарағандыдағы сот процестері Балқаш мыс комбинатын іске қосу мәселесі бойынша Мәскеудегі Сталин мен ауыр өнеркәсіп комиссары Орджоникидзе арасындағы тартыстан басталғандығын дәлелдейді. (ҚОА. Қ-1, т.1, іс 23, б. 180.)

1930-1937 жылдары Балқашта түсті металлургия өндірісінің пайда болуы және даму тарихы туралы жазылған еңбектер ішінде жазушы Ә.Әзиевтің «Жер жарасы» атты романын ерекше атауға болар.

Әзиев романында Қоңырат пен Балқаштағы құрылыс және комбинат басшысы В.Ивановпен қатар 1936-1937 жылдары қызмет еткен қазақтың инженерлері Д.Қонаев, К.Қадыржанов, М.Бегалиевалар суреттелген.

Дегенмен, романда Балқашта осы инженерлермен қатар 1936-1937 жылдары қызмет еткен кенбайытушы инженер Жармұхамед Төленұлының аты аталмауының себебі бізге белгісіз.

Жазушы Ә.Әзиев инженер Ж.Төленұлы роман кейіпкерлері Д.Қонаев, К.Қадыржанов сияқты Москваның түсті металдар және алтын институтының түлегі екендігін білмеді емес, нақты білді. Ол өзінің 1978 жылы шыққан «Қазыналы Сарыарқа» атты еңбегінде 1936-1937 жылдары Балқаш комбинатының кен байыту инженерлері Ж.Төленов пен И.Стригинді атап өткен.

Соңғы екеуі 1932-1934 жылдары Қ.Сәтбаевпен бірге Қарсақпайда Үлкен Жазқазған кен байлығының бақытты болашағын Советтердің Одақтық Ғылыми академиясының арнайы сессиясында дәлелдеп берген инженерлер еді.

Бірақ елге адал еңбек еткен белгілі екі инженер де Ә.Әзиевтің тарихи романында жоқ болып шықты. Бір жағынан бұлардың бейнесі романда көрініс таппағаны дұрыс та болды. Қазіргі архивтің құпия қорларының ашылуы, тың, соны деректердің табылуы советтік кезеңдегі барша сөздің сын тезін айналып өтпейтінін, шынның шыңға шығарын дәлелдеуде.

Инженер Ж.Төленұлы жайлы әділет әңгімесін оның 1951 жылы Совет одағында шығатын «Цветные металлы» деген түсті металдар саласына арналған ғылыми журналының №5 нөмірінде басылған журнал редакциясына жолдаған ашық хатынан бастаған жөн болар. (Ж.Төленов Өмір жолы, ғылыми еңбектері. Монография. М.Сүйіндіков Павлодар Toraighyrov University 2019).

Жармұхамед хатында одақтық журналдың 1951 жылғы бірінші нөмірінде жарияланған нақты бір автордың еңбегіне талдау жасау барысында редакцияға мақалалардың мәнінің теориялық және практикалық сапасына жіті көңіл аударуды, рецензенттер жұмысын дұрыс жолға қоюды ұсынған.

Сонымен қатар, ол кен байыту ғылымының теоретиктері М.Эйгель, И.Каковский, В.Глембоцкий еңбектерінің тілі өндірістегі инженер-техникалық қызметкерлерге теориялық һәм практикалық маңызы бар мәселенің мәнін түсінуге қиындық келтіретініне тоқталған.

Инженер Ж.Төленұлының пайымдауынша, аталған ғалымдар қарапайым нәрселердің өзін жасанды түрде күрделінген стильде жалаң сипаттауды жаман әдет қылып алған. Олардың кен байыту ісіне еш пайдасы жоқ түрлі терминдерді қисынсыз, ретсіз көп қолдануы пайдасыз амал деп сынаған.

Хаттың авторы одақтың журналға ғылыми мақалалардан да өзге, түсті металдарға қатысты басылып шығатын барша техникалық әдебиеттің де тіл мәдениетіне сын көзімен қараудың қажеттігін атап өткен. Басылым ісін қадағалауға алып, мамандандырылған әдебиеттің ғылыми деңгейін тиісті биіктен түсірмей, жатық тілде жазылуын талап ету керектігін баса айтқан.

Жармұхамедтің 1950 жылдың желтоқсанында журнал редакциясына жазған ғылыми сын мақаласы автордың жеке басына қауіп-қатер төндіретіндей іс еді. Тап сол мезетте 1950 жылдың 25 желтоқсаны күні «Правда» газетінде «За марксистское-ленинское освещение истории Казахстана» атты ғалым Е.Бекмахановты айыптаған мақала шығып жатқанда Жармұхамедтің сотталып кетуі әбден мүмкін еді.

Журналда жарық көрген Жармұхамедтің хатында аты аталған үш ғалым М.Эйгель, И.Каковский, В.Глембоцкийлердің біреуі шамданып, сол заманға тән аса қырағылық білдіріп, «органдарға» шағымданса, автордың басына қиын іс туар еді.

Жазылар шағымда сыни сөздің иесі қазақ инженерінің сотты болғанын, қылмыстық істің дәлелденбегендігінен қысқартылғанын тілге тиек етсе, болғаны, сөздің арты қайтадан қуғын-сүргінге ұласары анық еді.

Расында да, 1936 жылдан Балқаш кен байыту комбинатының инженері Жармұхамед Төленұлы 1937 жылдың 3 желтоқсанында ұсталып, 25 жылға сотталып, Колымада жолсыз жаза тартып жүргенде 1940 жылы үкім бұзылып, іс қысқартылып, Балқашқа қайтқан еді. (ҚОА Қ.1, т.4, іс 146)

Үлкен террордың авторы Сталиннің көзі тірі кезі, 1951 жылы қызыл қырғын әлі де толас таппаған. Хатта аттары аталғандар «лагерьден шыққан жау, күдікті маман» советтік ғалымдарға жала жауып отыр десе болғаны. (ҚОА Қ.1, т.1, іс 9, б.51)

Бір М.Эйгельдің сөзі жетіп жата-тын. Ол – техника ғылымының докторы, профессор, кен байыту саласында жаңа әдістері енгізгені үшін 1952 жылы Сталин атындағы III дәрежелі премияның лауреаты. Эйгельмен қатар аты аталған И.Каковский мен В.Глембоцкий де қара жаяу адамдар емес, екеуі де техникалық ғылым докторы, атақты профессорлар.

Инженер Ж.Төленұлы теоретиктерді төңкеріске дейінгі орыстың белгілі ғалымдарының жазу-сызу мәдениетінен үлгі алуға шақырыпты. Олардың небір күрделі теориялық ұғымдардың өзін қарапайым, оқырманға түсінікті жатық тілде, тіпті, көркем бейнелеуге дейінгі дәрежеде жазған шеберлік ісінен үйренуге үндеген. «Және де олар жазу барысында талдауға алған пәнінің ғылыми құндылығын әсте түсірмеген», – депті ақылды, қайратты, жүректі қазақ инженері.

Журнал редакциясы өндіріс адамы инженер Ж.Төленұлының кен байыту ісінің теориясы мен тарихын терең игеріп, өз ісін жетік меңгергендігін шынайы танып, оның ашық теориялық айтыста техникалық ғылымының толғауы тоқсан қызыл тілін таза, толық сөйлете білуіне қатты разы болып, хатын жария еткен.

Журналдың осынау адал қазылық қызметін бізге де әділет ісінің алды-артын байқарлық білім, ғылым қажеттігін растайтын үлгі, дәлел ретінде қабылдау бір үлкен керек іс.

Жармұхамед Төленұлының 1951 жылғы хатында айтылған қолына қалам ұстаған кісінің түзу сөз жаза білуі туралы орынды ойы қазіргі заманда да күн тәртібінен түскен емес, түспейді де. Себебі, барша ғылымдардың атасы да, анасы да – Тіл.

Жармұхамед Төленұлының соңау Үлкен Жезқазған, Үлкен Балқаш заманынан әділет ісін анығырақ сезген таза ғылым адамы екенін тағы бір мәрте дәлелдейтін ашық хаты 1979 жылы «Простор» журналының редакциясына жазылған еді.

Жармұхамедтің бұл хатының да жазылу тарихы адамдар арасындағы қарым-қатынастың адамзатта һәмма жақсылықтың басы ретінде танылған әділет және нысап қағидалары негізінде құрылуының қажеттілігін растайды.

Жармұхамед Төленұлының 1979 жылғы хатының мән-мағынасын қазіргі қазақтың Үлкен Әдебиетінің оқырманына түзу жеткізе білу де Үлкен әділет ісіне жатпақ. Өйткені, ынсап, ұят – бұл ғадаләттен шығады. Ғадаләт барша ізгіліктің анасы-дүр!

Марат АЗБАНБАЕВ

● КЕЗДЕСУ

Қалам мен құрмет

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Ақши ауылында журналист, публицист, ақпарат саласының үздігі, әлеуметтік ғылымдар магистрі, медиа зерттеуші, Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты Төлен Тілеубайдың «Ақшиім – алтын бесігім» атты шығармашылық кеші өтті.

Салтанатты кештің алдында Ақши орта мектебінде арнайы бұрыш ашылды. Онда Төлен Тілеубайдың балалық және студенттік шағы, шығармашылық жетістіктері бейнеленген фотосуреттер, газет-журналдардағы мақалалары, шыққан кітаптары қойылыпты. Кеш иесі қонақтармен бірге өзі білім алған алтын ұясының бөлмелерін аралады. Мұғалімдермен және оқушылармен партаға отырып, білім мен өнер, газет-журналдар мен кітаптардың пайдасы туралы әңгіме өрбітті. Төлен 33 жыл бұрын осы білім ордасынан түлеп ұшты. Балалық шақтағы аппақ арманы биік шыңдарға жетеледі. Кітап оқуға, шығарма жазуға деген қызығушылығы да мектепте оқыған кезінде басталды. Әдебиет пәнінен сабақ берген Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Сәбира Құлпейісова баланың жүрегіндегі шығармашылыққа, әдебиетке деген сүйіспеншілігінің оянғанын тап басып таныған.

Балалық шақтағы әдебиет сабағында жазған шығармалары, студенттік шақтағы күнделіктері Төленді қаламгерлікке жетеледі. Шығармашылық жолының бастауы болған «Жаңа Астанаға қош келдің, қазақ жасы!» атты фантастикалық әңгімесі 2003 жылы Астанада өткен «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің әдебиет байқауында үздік деп танылып, дипломант атанды. Байқаудың қазылар алқасының мүшесі болған Халық жазушысы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Фариза Оңғарсынова Төленнің шығармашылығы туралы: «Менің түсінігімде журналистер саясаткерлерден де, ақын-жазушылардан да, басқа да ғылым, өнер салалары өкілдерінің бәрінен де биік тұрады. Сондай журналистердің бірі – ойлы, ұлттық мүдде хақында жасты да, жасамысты да ойландыратын мақалалары үшін 2003 жылы «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің Гран-при жүлдесін жеңіп алған, кейін «Аласапыран Америка» атты тұңғыш кітабын шығарған аса дарынды Төлен Тілеубай. Өз басым Төлен алдағы уақытта да сүйсінуге тұрарлық шығармаларымен оқырмандар көңілінен шыға береді деген сенімдемін» деген пікірін айтқан. Осы пікірдің дәлеліндей, Төленнің әр жылдарда жазған «Қайта түлеген рух», «Ақбөкен жылаған түн» (деректі әңгіме), «Мен саған ғашық едім!», «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» атты әңгімелері оқырманның көңілінен шықты.

Қаламгердің 50 жылдық мерейтойына арналған жүздесуді ауыл әкімі Мейірбек Мәкенбаевтың бастамасымен Кежек ауылдық округінің мәдениет үйі ұйымдастырып өткізді. Кешті айтыскер ақын, ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің доценті Айтбай Жұмағұл жүргізді.

Төленнің тағы бір қыры – ақындығы. Өзі шығармашылық байланыста болған «Тамшылар», «Есіл ағады» және тағы басқа көптеген халықтың сүйікті әндерінің авторы, композитор марқұм Ахмедияр Есмұхановтың Төлен Тілеубайдың «Көктемгі элегия», «Сенің бейнең» сияқты өлеңдеріне әуен жазғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл әндерді әнші-термеші, халықаралық ән байқауларының лауреаты Әлихан Дүйсенбай жұртқа насихаттап жүр. Кеште көрермендер осы әндерді тыңдап, қол соқты.

Мерейтойлық кеште Ақши орта мектебінің оқушылары «Анаға хат», «Жүрегімде – Желтоқсан», «Жүрегімде бір мұң бар» атты өлеңдерін, «Ақбөкен жылаған түн» атты деректі әңгімесінен үзінділер оқыды. Кештің тізгінін қолына ұстаған айтыскер ақын Айтбай Жұмағұл жырдан шашу шашты.

Рухани кеште Кежек ауылының әкімі Мейірбек Мәкенбаев мерейтой иесіне Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжоловтың құттықтау хатын тапсырды. Ауылдастарының атынан иығына шапан жауып, астына ат мінгізді. Ақши орта мектебінің ұжымы атынан сөз алған Төленнің рухани ұстазы, аудандық мәслихат депутаты Дулат Ізбасаров кеш иесінің шығармашылық жетістіктерін ауылдастарының әрқашан қуана қабылдайтынын, алдағы уақытта бұдан да биік шыңдарды бағындыруына тілектестігін білдіріп, ат мінгізді.

Ауылдың үлкендері, мектеп мұғалімдері шығармашылық кеш иесіне шексіз алғысын жеткізіп, жүректен шыққан тілектерін ақтарды. Кеш иесі залдан сұрақ қойған оқушыларға өзінің кітаптарын сыйға тартты. Айтбай Жұмағұл мектеп кітапханасына Бұқар жырау-дың, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арнайы шығарылған кітаптарын тарту етті.

Аяулым ЕРЛАН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Көнені жаңғыртушы қариялар

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен Кеншілер мәдениет сарайында «Өнерім-өмірім» атты ата-әжелер арасында ашық өнер байқауы өтті. Байқау «Жеке ән» және «Хор ансамбль» болып, екі аталымға бөлінді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұрын орындалып, ұмытылып бара жатқан көне әндер қайта жаңғырды. Нағыз, қазақы ән орындаушылық, дауыс ырғағы мен әншілік талғампаздық дерсің. Қатысушылар ескі көше әндерін қайта жаңғыртып, оған жаңа заманның тың музыкалық әуендерін қосып, қайта түлетті. Міне, біздің ата-әжелеріміз таланттарынан әлі тая қойған жоқ. «Таза табиғи талант кім десе?» осы жандар дер едім, – деді байқау көрермені Аманбай Мейрамов.

Расында, байқаудың мақсаты – өнерлі ата-әжелердің басын қосып, рухани қолдау көрсетіп, жеке немесе хормен ән салу, мәнерлеп оқу сынды өнерлерін халыққа жеткізуге жол ашу еді. Қарттарымыздың өнердегі, өмірдегі

үлгі болар жолдарын жас ұрпаққа насихаттау. Ата-әжелерімізді байқауға қатыстыру арқылы көнеден келе жатқан, ұмыт болған әндерді қайта жаңғырту болатын. Ұйымдастырушы Кеншілер мәдениет сарайы өкілдері діттеген мақсатына жетті. Жыл сайынғы ұйымдастырылатын байқаудың бұл жолғы қарқыны анағұрлым жоғары болды. Оған көрермен халық та куә.

Сонымен, қазылар алқасының шешімімен, «Хор және ансамбль» ән салу номинациясы бойынша бас жүлде Халықтық «Шахтерский» ардагерлер хорына берілді. Жеңімпаздарға 100 000 теңге ақшалай сыйлық және дипломдар табысталды. I орын Қарағанды қаласының «Ақниет» ардагерлер ансамбліне бұйырса, II орынды Көкшетау қаласының «Халықтық ардагерлер хоры» алды. Ал, үздік үштікті Балқаш қаласының «Балқаш сазы» хоры иеленді.

«Жеке ән салу» аталымы бойынша I орынды Бұқар жырау ауданынан келген Зәуре Төлеубаева жеңіп алды. II орын Бейбітгүл Абдраманованың еншісіне берілсе, III орынды Галина Федотова алды. Барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары, ал, жетекшілерге Алғыс хаттар табысталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

● БӘРЕКЕЛДІ!

Дүбірлі додада топ жарды

Өзбекстанның Ташкент қаласында кикбокстан ересектер арасында өткен әлем чемпионатында ел намысын қорғаған балқаштық Гаухар Сайлаубек 48 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, чемпион атанды. Байрақты бәсекеге Қазақстан, Үндістан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен 420-дан астам кикбоксшы қатысқан.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында ғана Венгрия астанасы Будапештте өткен әлем чемпионатынан жастар арасында қолаға қол жеткізген Гаухар Сайлаубек бұл жолы қарсыластарынан басым түсіпті. ҚР спорт шеберлігіне үміткер, Қазақстан чемпионаттарының, халықаралық жарыстардың жеңімпазы Гаухарды «Балқаш» спорт клубында спорт саласының өкілдері, туған-туысқандары қошеметпен қарсы алды.

Жеңімпазға «Балқаш» спорт клубының басшысы Амангелді Маканалин, жеке кәсіпкер Ғабит Жақыпов құттықтау сөзін жеткізді. Өз кезегінде спортшы қолдау білдірген Амангелді Исламұлына, жаттықтырушыларына алғысын білдірді.

– Бұл жарысқа бару үшін тер төгіп, дайындықтан өттім. Нәтижесінде еліміздің көк туын желбіретіп, алтынға қол жеткіздім. Екі жекпе-жек өткізіп, екеуінде де жеңіске жеттім. Біріншісі Үндістанның және екіншісі Қырғызстанның спортшысы. Финалдық бәсекеде Өзбекстан спортшысы кездесуден бас тартып, жеңімпаз атандым. Жарыс биік дәрежеде өтті. «Балқаш» спорт клубының басшысы Амангелді Исламұлына, бапкерлерім Абай Қомар мен Дулат Сәметовке алғысым шексіз, – деді Гаухар Сайлаубек.

Кикбоксшының жаттықтырушысы Дулаттың айтуынша, енді қазан айында Павлодар қаласында өтетін республикалық чемпионатқа дайындықты бастайды.

Сурет **автордан**

● КӨКПАР

Бәсі биік «Бәйтерек»

Қарағандыда жыл сайынғы дәстүрді жалғастыра отырып, Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен «Үштөбе» атшабарында көкпардан «Сарыарқа кубогы» өтті. Дүбірлі додада еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған тоғыз команда топқа түсіп, бақ сынасты. Оның қатарында, Астана қаласының құрамасы, Павлодардан келген құрама, Көкшетау облысы «Ерейментау» құрамасы және Қарағанды облысының «Бәйтерек», «Бабай», «Шахан» командалары бар. Тартысты доданың ақтық сынына түсіп, артық салым салып, жеңіс жалауын көтерген қарағандылық «Бәйтерек» командасы.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпыкомандалық ойынның қызығы да осы. Көк серкені кере тартқан апайтөс, жауырыны жалпақ жотадай, мойны бір жуан бұқадай балуан жігіттердің қарқыны «сен тұр, мен атайын». Әуелі қарағандылық қос команда «Бәйтерек» пен «Шахан» өзара додаға түсті. Ойын басталысымен «Бәйтеректің» Рамазан Шалғынбаев, Жалғас Боранов, Еркебұлан Тауасар сынды белді ойыншылары қарсылас команданың серке тартуына мұрша бермеді. Ақыры бірнеше минутқа жеткен ойын нәтижесі «Бәйтеректің» есебіне 6:0 болып шешілді. Бұдан кейін, Астана қаласынан келген команда алаңға шықты. Оларға қарсы «Ерейментау» командасы өнер көрсетті. Екеуара ойын өте тартысты өтті. Бұл додада «Ерейментау» командасы «Астана» командасын тас-талқан етіп жеңді. Есеп 7:0. «Ерейментаудың» еншісінде кетті жеңіс. «Шахан», «Павлодар», «Бұқар жырау» командалары өзара тартысып, ақыры ақтық сынға «Бұқар жырау» 7:0 есебімен жолдама алды. Осылайша шешуші додада «Бұқар жырау» командасы «Бәйтерекпен» шықты. «Бәйтерек» көкпар командасының ойыны, әрине, көптің назарында. Оңтүстікте «Құлагер», «Әулиеата» сынды атағы бар ірі командалар болса, бүгінде қарағандылық «Бәйтерек» сондай дәрежеге жету жолында аянып қалмақ емес. Оның үстіне естеріңізде болса, кеше ғана көк түріктің көп елін жиып, V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында көкпарда көзге түсіп, «Үздік жекпе-жекші» атағын алған қарағандылық Жалғас Боранов балуан да осы «Бәйтерек» құрамасының белді ойыншысы. Ал, енді қарағандылық команданың үздік екеніне тағы бір дәлел мына – «Сарыарқа кубогы». Жыл артып, балуаны да әлді, аттары да белді. Сонымен, «Сарыарқа кубогын» «Бәйтерек» көкпар клубы қанжығасына байлады. Ал, II орынды «Бұқар жырау» командасы алды. III орын көкшетаулық «Ерейментау» командасының еншісінде.

– Біздің көкпар құрамамыз осал еместігін ел біледі. Дайындығымыз да жақсы болды. Ең ауыр ойын болды дей алмаймыз. Десек те, біздің балуандар үнемі алға ұмтылады. Жалпы, командалық ойында қарағандылық балуандар көкпарды ілуде, ат басына ие болуда, жекпе-жекте анағұрлым сауатты өнер көрсетті. Сондай-ақ, біздің балуандардың көбісі – көнтақым. Серке тақымына түссе, оны қарсыластары оңайлықпен ала алмайды. Екі жақтап, қапталдаса тартып алмаса, жекпе-жек тартыста алдырмағанын көзбен көрдік, – дейді «Бәйтерек» командасының жетекшісі Ерлан Оспанов.

Сурет **автордан**

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 04.11.2024 жыл.

Конкурсты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Саран қаласы, Саранская көшесі, 28А құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан ШЖҚ «Саран қаласының ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72137) 7-99-60. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

– соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

– заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

– бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

– байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ №14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 03.10.2024 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 04.11.2024 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КГП на ПХВ «Больница города Сарани» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Сарань, улица Саранская, строение 28А, контактный телефон 8(72137) 7-99-60. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;

– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;

– членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

– имеющее непогашенную или неснятую судимость;

– являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

– ранее совершившее коррупционное правонарушение;

– находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
2) резюме на государственном и русском языках;
3) автобиография (в произвольной форме);
4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
5) копия документа о высшем образовании;
6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 03.10.2024 года.

№253

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Кәсіпкер картоп үлестірді

Қарттар күніне орай Қарқаралы ауданына қарасты Нығмет Нұрмақов атындағы ауылдық округтегі кәсіпкер Серікбол Жұмаділов басқаратын «Атамұра Табыс» ЖШС қайырымдылық шарасын жасап, елдің алғысына бөленді.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған округтегі Өсібай, Бастал және Көлбасы елдімекендерінде бұл күндері барлығы 93 үй отыр. Олардың ішінде қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар да баршылық. Серіктестік биыл жинаған картоп өнімінің 3,5 тоннасын сол кісілерге тегін үлестіріп берді.

«Батамен ер көгерер» дегендей, ауыл халқы «Атамұра Табыс» ЖШС-нің басшысы мен ұжымына ризашылығын білдірді.

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген
О.МҰЗДЫБАЕВ

● ФУТБОЛ

Жеңіліс жеңіске жетелейді

«Шахтер» клубы бірнеше рет ел чемпионаты мен кубогында жоғары нәтижелерге жеткен. Ең жарқын жетістіктерінің бірі – 2013 жылы Қазақстан кубогын жеңіп алуы. Сол жылы «Шахтер» Еуропа Лигасының топтық кезеңіне де жолдама алып, қазақстандық футбол үшін тарихи оқиғаға айналған еді. Бірақ, кейінде «Шахтердің» жолы болмай жүр.

«Шахтер» командасы биыл күзде 4 ойын өткізді. Бірінші ойыны «Жеңіс» командасымен болды. Ойын 0:0 есебімен аяқталды. Екінші ойын Түркістан қаласында өтті. «Тұран» командасымен өткен ойында да өкінішке қарай, ойынды 2:1 есебімен жеңілді. Үшінші ойын 22 қыркүйек Семей қаласында өтті. «Елімаймен» қарсыласқан бұл ойын 2:1 есебімен тағы да жеңіліспен аяқталды. Соңғы ойындары қостанайлық «Тобыл» командасымен болды. Ойын 1:0 есебінде «Тобыл» командасының пайдасына шешілгені мәлім.

Бұл туралы Instagram желісінде «Шахтер» футбол командасының бас парақшасында жанкүйер Галина Абишева:

– Лайықты ойын көрсеттіңдер. Жеңіске сәл ғана жетпей қалды. Осы қарқында жалғастырсаңдар, бірінші орын біздікі. Өз командамызды жеңісте де, жеңілісте де қолдай білуіміз керек. Сонда ғана лайықты жанкүйер бола аламыз, – деп жазды.

Сонымен қатар, футбол командасында қуанышты жаңалық та бар. Команда мүшелері Абылайхан Назымханов пен Айбар Абдулла Қазақстан жастар құрамасына шақырту алды. Қазан айында Қазақстан құрамасы 2025 жылғы Еуропа чемпионатында іріктеу кезеңі аясында екі матч өткізеді. Алдымен Қазақстан командасы 10 қазан күні сырт алаңда Испаниямен кездеседі. Содан кейін өз алаңымызда Шотландияны қабылдаймыз. Ойын 15 қазанда Алматының Орталық стадионында өтеді.

Аяулым ЕРЛАН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

● БАЙҚАУ

Жүсіпбек рухымен жүздескен күн

Кеше кеншілер шаһарында Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әнші Жүсіпбек Елебеков атындағы IX Республикалық дәстүрлі әндер орындаушыларының байқауы басталды. Биылғы байқау ұлт өнерінің жарық жұлдызына айналған тұлғаның 120 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың шымылдығы «Сарыжайлау» кинотетарында ашылды. Мұнда ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы қатысушылар мен тыңдармандарға баспасөз мәслихатын өткізді. Онда байқаудың негізгі ережелері мен талаптары түсіндірілді.

Жас әншілерге бағасын беріп, тамашалауға құрметті меймандар да арнайы келді. Қадірменді қонақтардың көшін Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, қазылар алқасының төрағасы Қайрат Байбосынов бастады. Қазылар алқасының құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова мен Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ғалым Мұхамедин, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыкелді Кемалов және Жүсіпбек Елебековтің ұлы Естай Елебеков бар.

– Өте қуанышты күнде, мерейлі сәтте осы байқауға әділ қызмет етейік деп жиналдық. «Сарыарқа» телеарнасындағы таңғы хабарда Жүсіпбек Елебековтің азаматтық болмысын, шәкірт тәрбиелеудегі ерен еңбегін, бөлек әдіс-тәсілін айттым. Мен – Жүсіпбек Елебековтің алғашқы шәкіртінің бірімін. Жәнібек Кәрменов, қазір осында отырған Ғалым Мұхамедин де – төл шәкірті. Композитор Тұрсынғазы Рахымов сәл кейіндеу келді. Жүсекең өмір бойы жинаған әндерін бізге үйретті. Біз бәрін мұқият бойымызға сіңірдік. Әрқайсымыздан үміт күтті. Ол кісінің бір кереметтігі – бәріміздің болашағымызды болжап кетті. Кімнің әнші болатын, болмайтынын дөп айтатын. Қазір сол Алматыдағы эстрада студиясы Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі деп аталады. Ол Еркеғали Рахмадиев министр болып тұрғандағы игі іс еді. Ал, мына байқауға қатысушыларға сәттілік тілеймін! – деді Қазақстанның Халық артисі Қайрат Байбосынов.

Дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін айтулы байқауға Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Жетісу, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Абай, Ақмола облысы және тағы да басқа өңірлерден үміткерлер келді. Ән орындаушылар додасында қалыптасқан кәсіби әншілер төрелік етеді.

– 1994 жылы Жүсекеңнің 90 жылдығында алғаш рет Ж.Елебеков атындағы облыстық байқау өтті. Басталғаннан-ақ, Рымбала Кенжебалақызының ұйымдастыруымен Мейірхан Адамбеков екеуміз ауыл-ауылды аралап, облыстық байқауға таланттарды іріктедік. Қазылар алқасына да республикадан белгілі мамандарды шақырдық. Жоғары деңгейде өтті. Ал, 1998 жылы республикалық деңгейге көтерілді. 45 үміткер қатысып, бас жүлдені Сержан Мұсайын алды. Әлі есімде, Сержан ең соңғы болып өнер көрсетіп, топ жарған. Биыл тоғызыншы рет өтіп отыр. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен тұрақты өтетін Мәди, Тәттімбет және Жүсіпбек Елебеков атындағы үш ірі байқау бар. Әрқайсы үш жыл сайын айналып келіп отырады. Биылғы байқау сәтімен өтсін! Мықтылар жеңіске жетсін! – деді қазылар алқасының мүшесі Жақсыкелді Кемалов.

Бүгін байқаудың бірінші кезеңі «Шалқыма» концерт залында өтіп жатыр. Ақтық сынға шыққандар 4 қазанда 10:00 мен 14:00 аралығында байқау жүлдесін сарапқа салады. Дәл сол күні сағат 18:30-да жеңімпаздар марапатталып, соңы құрметті меймандар ән шырқайтын гала концертке ұласпақ.

Шараны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік ұйымдастырып отыр. Ауқымды шара 4 қазанға дейін жалғасады. Шара аясында «Жүсіпбек Елебеков» атты кітап жарыққа шыққан. Осы жолы Жүсекең туралы деректі фильмнің тұсауы кесілді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ҚҰРМЕТ

Мейірханның мәңгі шырағы

Ән десе, жүрегі ояу Алаш баласының құлағына Арқа даласында әуелеген ән келеді. Бұл далада қазақ әнінің қоржынын толтырған небір жауһар туындылар жазылып, соларды қазаққа мәшһүр еткен дүлдүлдердің дүбірі өткен. Осы тұста Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы өнер колледжін атамасқа болмас. Дәл осы білім шаңырағында қазақтың классикалық әндерін жаңғыртып, жаңа леп берген дарындар білім алып жатыр. Тәттімбет өнер колледжі десе, еске Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Мейірхан Адамбеков оралатыны анық. Ол колледж қабырғасында 30 жыл бұрын «Дәстүрлі ән айту» бөлімін ашқан. Міне, сол бөлімнің 30 жылдық мерейтойына орай тағы бір сынып есігін шәкірттерге айқара ашты. Сыныпқа Мейірхан Адамбековтің есімі берілді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сыныптың салтанатты ашылу рәсіміне қазақ өнерінің бір-бір жалауын ұстаған азаматтар қатысты. Алдыңғы қатарда классикалық қазақ әндерін бір кезеңде өз биігіне шығарған Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қайрат Байбосынов бар. Ол шараға жиналғандарды сыныптың ашылуымен құттықтады.

– Бұл – көңілге қуаныш ұялатқан ерекше жаңалық болды. Аяулы азаматтар ән дүлдүлінің есімін осылайша жаңғыртып жатыр. Қазақтың ән өнерінде Мейірхан Адамбековтің өз төрі бар. Осы сыныптан сол мол мұрамызды, жақұтымызды одан әрі жарқырататын таланттар шығатынына сенімім зор. Баршаңызды айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймын! Қазақ әнінің тұғыры биіктей берсін! – деді Қайрат Байбосынов.

Ән дүлдүлінен кейін сөз кезегі сөз өнерінің жарқын өкілі, Алаш рухын қара өлеңмен асқақтатқан ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлына келді.

– Қарағандының рухани өмірі үшін бүгінгі күн ерекше. Мейірхан Адамбеков – қайталанбайтын әнші. «Шайтанкөл» әні Мейірхан Адамбековтің аузына түспесе, осы күнге дейін қадірі болмас еді. Аяулы әншінің көзі кеткеннен кейін оның әндерін ешкім айта алмады. Себебі, Мейірхан бауырымның дауысы ерекше. Оның маған қаны да, жаны да жақын. Марқұмның топырағы торқа болсын. Есімі ғасырдан-ғасырға жете берсін! Соңынан ерген шәкірттерінің қашан да жұлдызы жарық болсын! – деді Серік Ақсұңқарұлы. Дүлдүл әншінің көзін көрген, өнерде де, өмірде де қатарлас жүрген жақсы мен жайсаңдар да жүрекжарды естеліктерін айтып, мынадай игі істің құптарлық өнеге екенін жеткізді. Олардың қатарында, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Әбдуғалисын Шоқанбаев, Жақсыкелді Кемалов, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің директоры Бауыржан Ермұхамбетов, Қазақ ұлттық өнер университеті ән кафедрасының меңгерушісі Ербол Сарин, дәстүрлі әнді дәріптеп жүрген дүлдүлдер Айтбек Нығызбаев, Толу Сембаев, Тельман Нұркен бар.

Ал, сыныпты салтанатты түрде Қайрат Байбосынов, Рымбала Омарбекова, әншінің жары Нәсіп Еңсебаева ашты. Өнердегі әріптестері, шәкірттері, жалпы, колледж ұжымы сыныптың ашылуына жұдырықтай жұмылғанын айту ләзім. Ұстазға, дара туған дарынға деген зор құрмет осылайша тағы бір сүйсіндірді. Сыныптың ашылуына мұрындық болған колледж басшылығы қажетті жиһазды алса, техникалық жабдықтармен кәсіпкерлер, Мейірхан Сәйдіұлының бауырлары Қайрат Турдиев, Ержан Әділбеков, Ерлан Әзімбеков қамтамасыз еткенін атаған жөн.

Суреттер ұйымдастырушылардан

● БӘРЕКЕЛДІ!

Керекуден жеткен сүйінші

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры «Ертіс-Баян» мемлекеттік кәсіби драма және музыкалық-драма театрларының I Республикалық фестивалінде сәтті өнер көрсетіп, «Үздік сценография» аталымындағы марапатты жеңіп алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан бөлек, Сәкен театрының аудармашы маманы Алма Бекболатоваға «Дара» медалі табысталды.

Аталған фестиваль жазушы, драматург, публицист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай ұйымдастырылған. Фестивальге 11 шығармашылық ұжым қатысып, бақ сынасты.

Терең тарихы мен мол тәжрибесі бар Сәкен театрының ұжымы Мұхтар Әуезовтің пьесасы бойынша сахналанған «Қарагөз» трагедиясын ұсынды. Махаббат хикаясы бүгін де, ертең де өзекті, мәңгілік тақырып.

Спектакльді алғаш рет Қарағанды жұртшылығына Е.Вахтангов атындағы Ресей Академиялық мемлекеттік театрының режиссері Гүлназ Балпейісова ұсынған.

– Фестиваль бес күнге жалғасты. Онда сыншылардың бүгінгі режиссура, сценография, актерлік құрам және жалпы театр өнері туралы пікірлері тыңдалды. Сыншылар әр театрдың кемшілігі мен жетістігі туралы ой бөлісті. Біздің ұжым лайықты деңгейде өнер көрсетті. «Үздік сценография» номинациясын жеңдік, – деді Сәкен театрының директоры Құрман Қалымов.

Қазір Сәкен театры павлодарлық көрермендерді қуантуды жалғастыруда. Нақтырақ айтсақ, жерлестеріміз Павлодар облысында гастрольдік сапарда жүр.

Сәкен театры керекулік көрерменге «Қыз Жібек», «Атау Кере», «Қош, махаббат!», «Қарагөз» және «Қара пима» спектакльдерін ұсынса, кішкентай көрермендер «Мұзды өлке» ертегісін тамашалауда.

Қойылымдар Жүсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық-драма театрының және Ақсу қаласындағы Сәбит Дөнентаев сарайының сахнасында қойылуда.

Сурет Сәкен театрының баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 111 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**